

2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға N 15 өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2000 жылғы 15 маусымдағы N 284 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 12 шілде N 1186 тіркелді

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058_ "2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына:

1) бюджет кірістерінің сыныптамасы:

"201219 Басқа да түсімдер" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"201220 Республикалық бюджеттен төменгі деңгейдегі бюджеттерге несиелер берілгені үшін алынатын сыйақылар (мүдделер)

201221 Республикалық бюджеттен заңды және жеке тұлғаларға несиелер берілгені үшін алынатын сыйақылар (мүдделер)

201222 Жергілікті бюджеттен заңды және жеке тұлғаларға несиелер берілгені үшін алынатын сыйақылар (мүдделер)";

2) бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы:

"4.9.263.40.30 Әдістемелік кабинеттер" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"4.9.263.53 Жергілікті деңгейде білім беру нысандарын салу және күрделі жөндеу";

"5.9.254.44 Дәрі-дәрмектерді және дәрігерлік жабдықтарды орталықтандырылған сатып алу" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"5.9.254.51 Медициналық статистикалық ақпараттарды жинау мен талдауды ұйымдастыру

5.9.254.52 Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау нысандарын салу және күрделі жөндеу";

"6.9.258.33.30 Облыстық, қалалық және аудандық медициналық-әлеуметтік сараптама" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"6.9.258.52 Жергілікті деңгейде әлеуметтік қамтамасыз ету нысандарын салу және күрделі жөндеу";

"8.9.230.75 Ұйымдардың республикалық бюджеттен орындалатын міндеттемелері бойынша кредиторлық берешектерді өтеу" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы

жолдармен толықтырылсын:

"8.9.263 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім, мәдениет, спорт және туризм атқару органы

8.9.263.54 Жергілікті деңгейде мәдениет пен спорт нысандарын салу және күрделі жөндеу";

"15.1.105.67 Аудандық (қалалық) бюджеттен бюджеттік алулар" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"15.1.105.70 Жергілікті атқарушы органдардың резерві есебінен төменгі деңгейдегі бюджеттерге берілетін трансферттер

15.1.105.72 Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві есебінен төменгі деңгейдегі бюджеттерге берілетін трансферттер";

3) бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы:

"1.1.150.155 Сот шешімдерінің орындалуы" деген жол мынадай мазмұнда жазылсын

:

"1.1.150.155 Орындау құжаттарының атқарылуы".

"1.2.210.211 Ішкі заемдар бойынша сыйақылар (мүдделер) төлеу" деген

жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"1.2.210.212 Республикалық бюджеттен алынған заемдар бойынша сыйақылар (мүдделер) төлеу".

2. 2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың кірістер сыныптамасындағы 201206 "Республика ішінде берілген несиелер үшін алынатын сыйақылар (мүдделер)" кодына түсімдер 2000 жылғы 1 шілдеге дейін есепке алынады деп белгіленсін.

3. Осы бұйрық, 2000 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енетін 1 тармақтың 1) тармақшасынан басқасы, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Оқығандар:

Бағарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК